

БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Ата заң

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.06.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/157658/

НЫГМЕДОЛЛА НУРГУЛЬ БАКЫТКЫЗЫ

Ата заң-қазақ халқының және барлық көшпелі өркениеттің мәдени байлығы. Ол мыңжылдық тарихымен ерекшелігі мен әділеттілігімен, адам еркіндігін жақтаған сипаттармен әлем назарына ілінді.

Ежелгі қазақ хандығынан бері адам құқығы қазақ елінде ерекше қорғалған. Қазақ құқығының ерекшелігі-көшпелі өркениет шеңберінде туып, сол дәуірдің ең құнды сипатын иеленген.

Негізі қазақ халқы сот жүйесін, құқық қорғауды әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге араластырып үйреткен. Мысалға алсақ,

Өз танысым деп жұмысына салғырт қараған адамдарға- «Туғанына бұрғаны-биді Құдай ұрғаны» деп мақал-мәтел арқылы да жеткізіп, жас буынға ақыл үйрететін.

Ата заңда сотты би жүргізетін. Және сот жүргізудің тәртібі мен сот құрамын белгілегенде екі нәрсеге көңіл бөлетін: оған қатысатын тараптардың ықыласы мен істің күрделілігі.

Сонымен қатар әр соттың күрделілігіне байланысты, әртүрлі би тағайындалып, жүргізетін.

Әр сотта екі жақ өз билерін, жақтаушыларын алып келуге тырысатын.

Сот ісі міндеттелген түрде Хан орнында немесе би үйінде жүзеге асатын.

Ескі сотта өлім жазасы немесе денеге зақым келтіретін қатігез жазалар болмайтын. Оның орнына жазалаудың негізгі 3 түрі болатын:

«Құн төлеу»-кісі өлімі үшін немесе кісі өлтіруге теңесетін қылмыстарға төленетін төлем

«Тоғыз»-тоғыз санына теңестірілген мүліктік жауапкершілік.

«Айып»-кешірім сұрау

Бұл жазалау әдістері малмен өтелетін.

Ата заңда құн 4 ке бөлінетін:

«ер құны»- әскер үшін;

«сүйек құны»-кісі өлтіргені үшін;

«өнер құны»-өлген кісінің өнердегі білімі мен қабілеті үшін;

«ар құны»-ар намысқа тигені үшін.

Жаза мөлшері өлген адамның әл-ауқатына қарай берілетін.

Ескі заң туралы А.И.Крахлев былай деген:

...Суд биев, издревле гласный и изустный, без всякого участия пера и бума-ги, занимался разъяснением или разбором разнохарактерных дел и всевозможных недоразумений, неумиротворенных ранее в обыденной жизни народа.

.. В отношении справедливости суда киргизы очень требовательны: для того, чтобы выиграть в их глазах и стоять, так сказать, на почве незыблемой славы, прежде всего надо основательно знать предания и обычаи, освященные веками; необходимо, кроме того, иметь огромную память для изустного решения дел, требующего иногда изложения до мельчайших подробностей всего хода дела при большом стечении народа; затем справедливость — присутствие ее всего важнее. Вот потому-то не всякий киргиз может быть бием в Степи досви эво

•п Форма суда биев выражалась в древности в следующем. Обе тяжущиеся стороны для решения своих дел, по личному своему выбору, обращались к одному или нескольким биям зараз. На обязанности истца лежало указание свидетелей и представление фактических доказательств к подтверждению своего иска.

Ответчик представлял все доказательства к своему оправданию. Если обе стороны, к подтверждению своих прав, не представляли ясных доказательств, то суд предоставлял ответчику очистить себя присягою, но присягал не ответчик лично, а лица по указанию на них истцом. Последние должны были близко знать ответчика или обстоятельства подлежавшего обсуждению дела. Определение вины и меры вознаграждения бии постановляли по совести и на основании своих обычаев. Бии за постановление решения получали особое вознаграждение по цене иска — биилик. По древнему праву киргизов билик не должен был превышать одной десятой части всего иска. Никаких апелляций на такие бийские решения не допускалось, и дела, само-собою, вновь не перерешались..

Қорытындылай келе, 30 жылда орда бұздық па, жалпағынан заңды бұздық па, ол өзімізге аян. Біз әліде сол тәуелсіздік жылдарынан бері заңды орындаумен емес тек

өзгертумен әуреміз. Әліде талай заңның жазылып, жазылған заңның өзгертілері анық. Үндестігін де табар. Егер, әр адам малын жанының садақасынан емес, жанын арының садақасын биік қойса. Егер, өз құқығымызды білетіндей сауатты, өз есебімізді өзгеден талап ете алатындай талапшыл болсақ.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.